

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 Жарлығы. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2004.08.02. N 1413 жарлығымен

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 17-1-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қ о с а б е р і л г е н :

1) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) туралы ереже;

2) А г е н т т і к т і ң к ұ р ы л ы м ы ;

3) мемлекеттік мекемелердің - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарының тізбесі бекітілсін.

2. Агенттіктің штат саны 573 адам болып белгіленсін. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.05.14. N 1367 жарлығымен .

3. Агенттік төрағасының үш орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасары белгіленсін.

4. Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і :

1) Үкіметтің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де қажетті шаралар қабылдансын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 0 м а у с ы м д а ғ ы

N 1 1 4 1 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу бәсекелестікті дамытуды қорғау және үйлестіру, сондай-ақ қызметін табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие нарық субъектілері жүзеге асыратын саладағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

2. Агенттік өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік туралы Ережені, сондай-ақ оның құрылымы мен жалпы штат санын Агенттік төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

4. Агенттік заңды тұлға - мемлекеттік орган болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарында ашатын шоттары, өзінің атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Агенттіктің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

5. Агенттік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің мемлекеттік өкілеттіктерінің шеңберінде өзінің құзыретіндегі мәселелер бойынша бұйрықтар түрінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына міндетті күші бар актілер шығарады.

6. Агенттіктің аумақтық органдары - заңды тұлғалар болып табылатын Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша департаменттері болады.

7. Агенттіктің заңдық мекенжайы:

473000, Астана қаласы, Бөкейхан көшесі, 14.

8. Толық атауы - "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі" мемлекеттік мекемесі.

Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Агенттіктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Агенттікке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қарым-қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Агенттікке кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы Қазақстан Республикасының заң актілерімен берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Агенттіктің негізгі мақсаттары, функциялары, құқықтары және міндеттері

10. Агенттіктің негізгі мақсаттары:

1) табиғи монополия субъектілерінің қызметін бақылау және реттеу;
2) монополиялық қызметтің, нарықта үстем жағдайын асыра пайдаланудың алдын алу және оған жол бермеу, жосықсыз бәсекелестіктің алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар қолдану;

3) тауарлар (жұмыстар, қызметтер) өндірісі саласында бәсекелестікті дамытуға мемлекеттік қолдау және жәрдем көрсету;

4) мемлекеттік органдар мен мемлекеттік кәсіпорындардың ақылы қызмет көрсетуінің тәртібін бақылау;

5) мемлекеттік монополияға жатқызылған салада өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне бақылау жасау;

6) табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін жүзеге асыру, сондай-ақ олардың қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) баға белгілеу саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимылын үйлестіру;

7) кәсіпкерліктің құқықтарын қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

8) табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін жүзеге асыру, сондай-ақ олардың қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) баға белгілеу саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру.

11. Агенттік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімін, Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімін, Мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметтердің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және ж ү р г і з у ;

2) табиғи монополия саласында тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) белгілеудің кемсітпеушілік әдістемесін әзірлеу, бекіту және қолдану;

3) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын қолдану тәжірибесін жинақтау, осы негізде әдістемелік ұсынымдарды т ұ ж ы р ы м д а у ;

4) табиғи монополия субъектілерінің шығындарын түзудің ерекше тәртібін қолдану және олардың іс жүзіндегі шығыстарын бақылауды жүзеге асыру;

5) мемлекеттік ұйымдар монополиялық түрде жүзеге асыратын қызметтерге бағалар белгілеудің есептері мен ережелерінің әдіснамасын әзірлеу;

6) табиғи монополиялардың, тауар рыногының жұмыс істеуіне, бәсекелестікті дамытуға, баға белгілеу және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысты заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларына сараптама жасауды жүзеге асыру;

7) нарықтың және ондағы бәсекелестіктің жай-күйі туралы баяндамалар, Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасы мен оны қолданудың тәжірибесін жетілдіру туралы ұсыныстар дайындап, оларды Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламентіне және Үкіметіне жіберу;

8) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу;

9) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғалардың қызметіне тексерулер жүргізу;

10) табиғи монополия субъектілерін қайта ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар ә з і р л е у ;

11) тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие, бәсекелестікті шектейтін және монополистік қызметті жүзеге асыратын нарық субъектілерін анықтау мақсатында талдау жүргізу;

12) тауар нарықтарында бәсекелестікті дамыту жөніндегі шараларды әзірлеп, і с к е а с ы р у ;

13) шет елдердің мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастыру, сондай-ақ Агенттіктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

14) нарық субъектілерінің орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді өз құзыретінің аясында әзірлеу мен бекіту;

15) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзу туралы істерді өз құзыреті шегінде қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

16) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыру;

17) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

12. Агенттіктің міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз құзыретінің шегінде:

1) табиғи монополия субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) және мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекітуге;

2) табиғи монополия субъектісі жүргізетін сатып алуларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылауды жүзеге асыруға;

3) табиғи монополия субъектілері үшін міндетті мемлекеттік реттеуді енгізу, өзгерту және тоқтату туралы шешімдер қабылдауға;

4) табиғи монополия субъектілері, сондай-ақ тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілері көрсететін қызметтер бөлігінде тұрғын үй-коммуналдық қатынастар саласындағы нормативтік құқықтық актілермен әдістемелік база әзірлеуге;

5) табиғи монополия субъектілерінің материалдық, қаржылық ресурстарды және қызметтерді сатып алу бойынша тендер жүргізу тәртібін айқындауға;

6) табиғи монополия субъектілеріне Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне арналған тұтынушылармен шарттар жасасуы туралы, жасалған шарттарға өзгерістер енгізуі туралы орындауға міндетті ұйғарымдар енгізуге;

7) табиғи монополия субъектілерінің тұтынушылармен жасасатын үлгі шарттарды әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметінің бекітуіне ұсынуға;

8) табиғи монополия субъектілерінің - қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) өзгертуге бастамашылық жасауға;

9) табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауын бақылауды жүзеге асыруға;

10) табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) қолданыс мерзімін кемінде алты айға белгілеуге;

11) өз құзыретінің шегінде орындау үшін міндетті шешімдер беруге және нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

12) нарықта үстем (монополиялық) жағдайдың орын алуын анықтауға;

13) жолсыздықтар туралы істерді өз құзыретінің шегінде қарауға және кінәлілерді әкімшілік жауапкершілікке тартуға;

14) жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғаларынан Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген, коммерциялық және өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарын сақтай отырып, өзінің міндеттері мен функцияларын іске асыруға қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

15) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзудың нәтижесінде алған кірісті бюджетке аудару туралы, сондай-ақ тікелей немесе тарифтерді уақытша төмендету арқылы келтірілген залалды және (немесе) шығынды өтеткізу туралы шешім қабылдауға;

16) бәсекелестікті дамытуға, монополияға қарсы органның нұсқамаларын орындауға кедергі келтіретін және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жолсыздықтар үшін нарық субъектілері мен олардың басшыларына, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына айыппұл салу туралы шешімдер қабылдауға;

17) мемлекеттік органдарға, олардың лауазымды тұлғаларына, тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілеріне, олардың басшыларына орындау үшін міндетті нұсқамалар беруге;

18) Агенттіктің отырыстарында мемлекеттік органдардың, тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес пайыздан асатын не тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің лауазымды тұлғаларын т а н д а у ғ а ;

19) Агенттіктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсініктер беруге;

20) ғалымдар мен мамандардан, Агенттік қызметкерлерінен, мемлекеттік органдардың өкілдері мен нарық субъектілерінен сарапшы кеңестерді құруға;

21) тексерулер мен сараптамалар жүргізуге басқа да ұйымдардан мамандарды т а р т у ғ а ;

22) мемлекеттік баға тәртібінің, Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының, тұтынушыларды құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамасының бұзылуын жою мақсатында сотқа талап-арыз беруге, оларды қ а р а у ғ а қ а т ы с у ғ а ;

23) өзінің өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін аумақтық о р г а н д а р ғ а б е р у ғ е ;

24) егер бұл тиісті тауар рыногында үлесі отыз бес пайыздан асатын

шаруашылық жүргізуші субъектілердің пайда болуына жеткізетін болса, нарық субъектілерін құруға, сондай-ақ тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерін қайта ұйымдастыруға, таратуға қорытынды б е р у г е ;

25) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын бұзатын олар қабылдаған актілердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін материалдар мен нормативтік құқықтық актілерді прокуратура органдарына жіберуге;

27) тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызмет көрсетулеріне) бағаларды мемлекеттік реттеуді енгізу туралы шешім қабылдауға;

28) мыналарға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға:
нарық субъектілерінің жарғылық капиталындағы акцияларды (үлестерді, пайдаларды) сатып алу кезінде және өзге де жағдайларда Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының сақталуына;
табиғи монополия субъектісінің акцияларды (үлестерді) сатып алуына, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңымен рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйымдарға қатысуының өзге де нысандарына;

табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарына жататын мүлікті иеліктен айыруға және онымен өзге де мәмілелер жасасуға;

табиғи монополия субъектісінің өзінің тұтынуына арналмаған, олар тасымалдайтын немесе беретін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) алуына;

табиғи монополия субъектісінің негізгі қызметімен технологиялық байланысты және (немесе) табиғи монополия субъектісі саласына қатысты өзге қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының почта туралы заңнамасында белгіленген қызметті жүзеге асыруына;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

13. Агенттік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген т ә р т і п п е н :

1) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) заңсыз көтерумен және (немесе) нақты орындалмаған жұмыс құнын тарифке (бағаға, алым ставкасына) енгізумен тұтынушыларға келтірген залалды өтеуі үшін уақытша өтемдік тариф бекіту туралы шешім қабылдауға;

2) табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекітуге немесе өзгертуге берген өтінімдерін қарауға қабылдаудан бас тартуын ж а з б а ш а н е г і з д е у г е ;

3) Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөлімдеріне енгізілген, табиғи монополия субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекітуге немесе өзгертуге берген өтінімдерін қарау кезінде тұтынушылардың немесе табиғи монополия субъектілерінің жазбаша өтініші бойынша ашық тыңдаулар өткізу қажеттігін анықтауға;

4) тұтынушыларды коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерден басқа, табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері жөнінде қабылданған шешімдермен таныстыруға;

5) Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөлімдеріне енгізілген табиғи монополия субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) өзгертуге берген өтінімін қарау кезінде ашық тыңдаулар өткізуге;

6) тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының), уақытша төмендету коэффициентінің жобаларын ұсыну тәртібін белгілеуге міндетті.

3. Агенттіктің мүлкі

14. Агенттіктің оралымды басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Агенттіктің мүлкі өзіне мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналым қаражатына, сондай-ақ құны Агенттіктің балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

15. Агенттікке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

16. Агенттіктің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Агенттікке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

17. Агенттікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

Агенттік төрағасы Қазақстан Республикасының Президентіне тұрақты есеп б е р е д і .

18. Агенттік төрағасының үш орынбасары бар, оларды төрағаның ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қ ы з м е т т е н б о с а т а д ы .

19. Агенттіктің төрағасы Агенттіктің жұмысын ұйымдастырып, оған басшылықты жүзеге асырады және Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілікте болады.

20. Агенттік төрағасы осы мақсатта:

- 1) бұйрықтарға қол қояды;
- 2) өзінің орынбасарлары мен Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері

басшыларының міндеттерін белгілейді;

3) Агенттіктің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдары туралы ережені бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Агенттіктің орталық аппаратының қызметкерлері мен аумақтық органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Агенттіктің атынан өкілдік етеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Агенттіктің қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

7) сарапшы кеңестердің дербес құрамын бекітеді;

8) Агенттіктің құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

21. Агенттік төрағасының жанынан консультативтік-кеңесші орган болып табылатын алқа құрылады.

22. Агенттік және оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік тәртіп бұзушылық туралы кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының бұзылуы туралы істерді қарайды.

5. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату

23. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 0 м а у с ы м д а ғ ы

№ 1 1 4 1 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің ҚҰРЫЛЫМЫ <*>

Б а с ш ы л ы қ

Электр және жылу энергиясы саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент

Телекоммуникациялар және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент

Темір жол көлігі мен порттар саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент

Құбырлар мен су канализациялары жүйесі саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департамент

Бәсекелестікті дамытуды қорғау және үйлестіру департаменті

З а ң д е п а р т а м е н т і

Әкімшілік және аумақтық жұмыстар департаменті

Талдау және жоспарлау бөлімі

Ескерту. Құрылым жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.10.21. N 1210

жарлығымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 0 м а у с ы м д а ғ ы

№ 1 1 4 1 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛСІН

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының ТІЗБЕСІ

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті .

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті .

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті .

4. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті .

5. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті .

6. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті .

7. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті .

8. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті .

9. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті .

10. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті .

11. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті .

12. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаменті .

13. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті .

14. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті .

15. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті .

16. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті.